

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

жұмыстарды сатып алу туралы

<жұмыстың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттілік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына сәйкес <хаттама бекітілген күн> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <жұмыстың атауы> жұмыстарын сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

<(Шартта төменде келтірілген түсініктер келесі ұғымдарды білдіреді:> (қажет болған жағдайда енгізіледі)

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен _____ <жұмыстың атауы> (бұдан әрі - Жұмыс) сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыру орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ____ тиын (_____ теңге ____ тиын) мөлшеріндегі сомаға баға ұсынысын қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптармен Жұмыстарды орындауға өзіне міндеттеме қабылдайды, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Осы Шарттағы төменде аталған ұғымдардың мынадай түсініктемелері бар:

1) Шарт – Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Тапсырыс берушінің қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық әрекетін орындау үшін жұмысты орындау туралы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған азаматтық-құқықтық шарт.

2) Жұмыстар – Шарттың 1.1.-тармағында көрсетілген, құрылыспен байланысты заттық мәні бар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жұмысқа жататын басқа да іс-әрекеттер.

3) Материалдар – Жеткізушінің есебінен және өз күшімен сатып алынатын Шарт бойынша орындау үшін Жеткізуші пайдаланатын барлық шығыс материалдар, бұйымдар, жүйелер мен құрылғылар.

1.4. Жұмыстар мына мекенжай бойынша орындалады – Алматы қаласы, «Көктем-3» ш/а, 21 үй (бұдан әрі – Объект).

1.5. Жұмыстардың құны мен көлемі Шартқа 1, 2-қосымшаларында көрсетілген және оның ажырамас бөлігі болып табылады (бұдан әрі – 1-Қосымша, 2-Қосымша).

1.6. Жеткізуші Жұмыстарды өз материалдарымен, құрал-жабдығын пайдалана отырып, өз күшімен және өз қаражатына орындалады.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы *<ҚҚС қоса есептегенде>* _____ теңге __ тиынды (____ теңге __ тиын) *(егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса)* (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Жұмыс құны, *<және _____ теңге __ тиын (____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)>* кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Жұмысты тиісінше орындау фактісі бойынша бекітілген тәртіпте ресімделген Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған орындалған Жұмыс актісі (бұдан әрі – Актілер) негізінде және есеп айырысуына сәйкес Жеткізушіден төлемге электронды шот-фактураны алған күннен бастап 10 (он) операциялық күн ішінде тоқсан сайын жүргізеді;

Тиісті түрде ресімделмеген электронды шот-фактураларды, төлемге шотты және бұдан бұрын анықталған кемшіліктерді және дәлсіздікті жоя отырып, Актілерді берген кезде, оның ішінде дұрыс емес деректемелерді көрсете отырып, Тапсырыс беруші оларға ақы төлеместен кері қайтарады және Тапсырыс берушінің төлем бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі жаңа электронды шот-фактураларды, төлемге шотты және Актілерді берген сәттен бастап есептеледі. Бұл жағдайда Жеткізушінің Тапсырыс берушіге уақтылы ақы төлемегені үшін қандай да бір айыппұл санкцияларын қоюға құқы жоқ.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша _____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 5 (бес) жұмыс күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушінің орындаған Жұмыстарды Актілер негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін тартқан мамандарына Шарттың 4.2. тармағында көрсетілген Жұмыстарды жүргізу орнына кіруіне рұқсатты қамтамасыз етуге;
- 3) Орындалған Жұмыстар үшін төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге;
- 4) қажеттілігіне қарай Объектіні (үй-жайды босату) Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін даярлау. Егер де Объектінің бір бөлігі Жұмыстарды орындауды бастау кезінде ұсынылмағанда және осы себептен Жұмыстарды орындау кешіктірілген жағдайда, онда Жұмыстарды аяқтау мерзімі Объектіні тапсыру кешіктірген мерзіміне ұзартылады;
- 5) Жеткізушіге Материалды қоюға үй-жайды ұсыну;
- 6) Жеткізуші қызметкерлерін Объект бойынша рұқсат ету ішкінысандық режимі бойынша нұсқаулықтан өткізуге міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шартта белгіленген толық көлемде және мерзімде Жұмыстардың тиісті түрде орындалуын талап етуге;
- 2) Жұмыстарды орындау барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) қажет болған жағдайда Жеткізушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысы туралы ақпаратты сұратуға;
- 4) орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында және (немесе) кепілдік мерзімінің кезеңінде кемшіліктер, ескертулер, сәйкес келмеулер, олқылықтар (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда, Жеткізушіге жазбаша хабарлама жолдай отырып, оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе орындалған Жұмысты қабылдаудан толық немесе ішінара бас тартуға және <Жұмыстың орындалу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы> қол қоймауға;
- 5) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;
- 7) Шартты кез келген қадамда Шартта қарастырылған жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;
- 8) Жеткізушіден алдын ала Материалдардың және құжаттардың (сәйкестік сертификаттары, техникалық паспорттар, зертханалық сынақтардың нәтижелері және басқа) олардың сапасын куәландыратын үлгілерін ұсынуды талап етуге;
- 9) орындалған Жұмыстарды тек орындалған Жұмыстардың сапасымен көлемінің толықтығын тексергеннен кейін қабылдауды жүзеге асыруға;
- 10) Жұмыстардың (Материалдардың) бір түрін басқа Шартта көзделмеген басқа түрлеріне ауыстыру қажеттілігі туындаған жағдайда, бұл туралы оларды келісілу және Шарттың Жалпы сомасы шеңберінде орындау үшін Жеткізушіге уақытылы жазбаша хабарлауға;
- 11) Жеткізушіден Тапсырыс берушінің мүлкіне кепілдік мерзімі ішінде анықталған Ақаулар салдарынан келтірілген зиянды өтеуді талап етуге;
- 12) Жеткізушіден орындалған Жұмыстардың және Материалдардың сапасын Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына, санитарлы-гигиеналық қағидалар мен нормаларға, мемлекеттік стандарттарға, қауіпсіздік техника нормаларын, өрт қауіпсіздігі ережелерін және Жұмыстарды орындау кезінде Тапсырыс берушінің мүлкіне ұқыпты қарауын талап етуге құқылы.

3.3. Жеткізуші:

- 1) Жұмыстарды Шартта көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде орындауға;
- 2) Тапсырыс берушіге Жұмыстың орындалу барысы туралы дәйекті ақпаратты және құжаттарды ұсынуға;
- 3) орындалған Жұмыстарды Актінің негізінде беруге;
- 4) Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстарды/материалдарды ауыстыруды қабылдау-өткізу барысында ақаулар анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз есебінен жоюға, ал кепілдік мерзімі кезеңінде

Ақаулар (оның ішінде жасырын) ақаулы жүзеге асыру Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз есебінен жоюға;

5) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

8) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және ішінара басқа біреуге бермеуге;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға міндеттенеді .

10) Жұмыстарды білікті мамандардың орындалуын қамтамасыз етуге;

11) Жұмыстарды орындау кезінде техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі бойынша қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге, толығымен жауапты болуға және Жұмыстарды орындау құралдары, әдістері, техникасы, кезеңділігі мен сапасы үстінен бақылауды жүзеге асыруға;

12) Тапсырыс берушіге алдын ала Материалдарды және куәландыратын құжаттарды (техникалық паспорты, сертификаттар, зертханалық сынақтардың нәтижелері және басқа да), сондай-ақ оларды Жұмыстарды тек Тапсырыс берушіге қарастыруға және келісілуге беруге;

13) Жұмыстарды орындау кезінде жаңа жоғары сапалы санитарлы-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және осында түрдегі материалдарға қатысты Қазақстан Республикасында қолданыста бар басқа да белгіленген қазақстандық стандарттарға, талаптарға, нормаларға және қағидаларға Материалдарды, жабдықтарды пайдалануға;

14) Шартта көзделмеген қосымша Жұмыс түрлері мен көлемі пайда болған жағдайда, тапсырыс берушіге оларды келісілу мен Шарттың Жалпы сомасы шеңберінде орындау үшін жазбаша және уақытылы хабарландыруға;

15) Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған сәтке дейін Шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде Тапсырыс берушінің жабдығының, материалдары және/немесе мүлкінің кездейсоқ жойылу (жоғалу, бұзылу) немесе кездейсоқ бүліну тәуекелін көтеруге;

16) Кепілдік мерзімі ішінде анықталған Ақаулар салдарынан Тапсырыс берушінің мүлкіне келтірілген зиянды Тапсырыс берушіге өтеп беруге;

17) Шарт бойынша міндеттемелерін орындау уақытында Жеткізуші кінәсінен келтірілген зиян немесе кеткен қателіктер себебінен Тапсырыс берушіге үшінші тұлғалардың қойған даулы мәселелерін (талаптары, сындары) Тапсырыс берушіні іске араластырмай өздігінен өз қаражаты есебінен шешуге;

18) егер Тапсырыс беруші Жеткізуші қызметкерлері болып табылатын тұлғаны Объектіде Жұмысты орындаудан шеттетуді, бұл жағдайда себептерін көрсете отырып, сұраса, осы тұлғаны Объектіден 24 (жиырма төрт) сағат ішінде кетіруге, осыдан кейін осы тұлға Объектіге Шартта көзделген Жұмысты орындауға тартылмауы тиіс;

19) Объекті аумақты таза ұстауға, өздігінен барлық құрылыстық қоқыстарды жинауға;

20) Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамауға байланысты, оның ішінде ақауларды жою бойынша шығындарды өздігінен көтеруге;

21) Кепілгердің (Жеткізушінің) міндеттемесін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны Тапсырыс берушіге беру арқылы қос Тараптың уәкілетті тұлғалары орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу Актісіне қол қою күнінен бастап 12 (он екі) айдың ішінде орындалған Жұмыстардың сапасына кепілдік беруге;

22) Қос Тараптың уәкілетті өкілдері Шартқа қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылатын қызмет түріне рұқсат құжаттарын (егер қызмет міндетті лицензиялауға жататын болса, лицензияның нотариат куәландырған көшірмелері немесе қызмет көрсету құқын беретін электронды құжаттың қағаз көшірмелері түріндегі лицензиялар) беруге;

23) Объектіге кіру рұқсатын қамтамасыз ету мақсатында, Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге қызметкерлердің оларды жеке деректерін ұсына отырып, тізімін беруге міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Жұмыстарды орындаған кезде қосалқы мердігерлерді тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің қосалқы мердігерлерге жалпы Жұмыс көлемінен үштен екі бөлігінен асатын Жұмыс көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстар үшін төлем алуға құқылы.

3.5. Тараптар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасының талаптарын сақтауға міндеттенеді.

4. ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ

4.1. Жұмыстарды орындау мерзімі – Шарт күшіне енген күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн болады.

4.2. Жеткізуші Жұмыстарды келесі мекенжай бойынша орындайды: Алматы қ., «Көктем-3» ш/а, 21 үй.

4.3. Егер форс-мажорлық жағдайлар пайда болса, сондай-ақ Шарттың 3.3. тармағы 7) тармақшасымен көзделген жағдайда, егер Жұмыстар орындау барысында қосымша еңбек етуді талап ететін жасырын ақаулар анықталғанда Тапсырыс беруші өзінің қалауы бойынша Жұмыстарды орындау мерзімін ұзартады. Мұндайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіні аталған жағдайлардың біреуі орын алған туралы жазбаша хабарландыру тиіс.

4.4. Жұмыстарды орындау күні Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актілерге қол қою күні болып табылады.

4.4. Жеткізуші Шартта көзделген Жұмысты орындағаннан кейін бұл туралы Тапсырыс берушінің жазбаша хабарландырады және қол қоюға Актілерді жібереді.

4.5. Тапсырыс берушіде Жеткізушімен орындалған Жұмыстар бойынша ескертулер мен келіспеушіліктер болмаған жағдайда, Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актілерге қол қояды.

4.6. Тапсырыс берушінің орындалған Жұмыстар бойынша ескертулері немесе келіспеушіліктері болған жағдайда, орындалған Жұмыстарды қабылдаудан жазбаша түрде дәлелдемелі бас тарту жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден хабарлама алған күнінен бастап жұмыс 5 (бес) күні ішінде көрсетілген ақауларды жоюға міндетті. Бар келіспеушіліктер жойылғаннан кейін Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актілерге қол қояды.

5 . КЕПІЛДІКТЕР

5.1. Жеткізуші Шарт шеңберінде орындалған Жұмыстар Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген талаптарға сәйкес келетініне кепілдік береді.

5.2. Орындалған Жұмыстардан кепілдік мерзімі кезінде ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге анықталған ақаулар туралы оларды анықтаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде жазбаша нысанда хабарлайды, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде анықталған ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді.

5.3. Орындалған Жұмыстардың кепілдік мерзімі Тараптар Актіге қол қойған күннен бастап 12 (он екі) ай құрайды.

5.4. Жеткізушіде анықталған ақауларды Шартта белгілеген мерзімде жоюға мүмкіндік болмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырушы Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен, Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда-кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасының (Шарттың Жалпы сомасы 100 АЕК-ке дейін болса - кемінде 1%, Шарттың Жалпы сомасы 100 АЕК-тен жоғары болса - кемінде 0,5%) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5%-ынан (бес пайызынан) аспайтын өсімпұлды;
2) орындалған Жұмыстардағы ақауларды жою мерзімі бұзылған жағдайда -ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5%-ынан (бес пайызынан) аспайтын өсімпұлды.

6.3. Орындалған Жұмыстардан ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартылған жағдайда:

- орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді;
- Жеткізуші кепілдік мерзімі кезеңінде Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасының 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді және Шарт бойынша орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелерге тең келетін Тапсырыс берушінің Шарт бойынша төлеген сомасын қайтарады.

6.4. В случае нарушения Сторонами раздела 7 Договора Сторона, раскрывшая конфиденциальную информацию, выплачивает другой Стороне штраф в размере 10% (десяти процентов) от Общей суммы Договора. При этом Заказчик вправе требовать от Поставщика возмещение ущерба, причиненного вследствие разглашения конфиденциальной информации, полученной от Заказчика.

6.5. Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін төленуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.6. В случае расторжения Договора в одностороннем порядке по инициативе Заказчика вследствие неисполнения либо ненадлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору Поставщик выплачивает Заказчику штраф в размере 10 % (десяти процентов) от Общей суммы Договора.

6.7. Шарттың 3.3. тармағының 2) тармақшасына сәйкес Жеткізуші Жұмыстардың орындалу барысы туралы жазбаша түрде дәйексіз ақпаратты ұсынған фактісі анықталған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Жеткізуші дереу Жұмыстардың орындалу барысы туралы дәйекті ақпаратты ұсынады.

6.8. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.9. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.10. Жеткізушінің Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны, оның ішінде кепілдік мерзімі кезеңінде бұзғаны үшін Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.11. Егер Тапсырыс беруші Жеткізушінің кінәсінен емес (Жеткізушінің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы) Шартты бұзудың бастамашысы болса, Жеткізуші Шартты бұзу күніне нақты орындалған және қабылданған Жұмыс үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апаттар, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Тараптар болжай алмайтын және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер ететін Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;
- 4) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне

тартылған жағдайда, Шартты кезкелген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;

5) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кезкелген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

6) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кезкелген кезеңде біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілді міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде электрондық нысанда жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

Жеткізуші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс беруші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізуші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках работ

<наименование работ>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее – Правила), и протоколом об итогах закупок работ <наименование работ> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

<(В Договоре ниже перечисленные понятия имеют следующее толкование:> (включается при необходимости)

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

